



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2015 ж. 27 қараша № 388
Павлодар қаласы

город Павлодар

**«Қоршаған әлем» бейнероликтер
облыстық конкурсы өткізу туралы**

Павлодар облысы білім беру басқармасының тапсырмасын орындау мақсатында, сонымен қатар, Ресей Федерациясы Омск облысының әкімшілігі мен Павлодар облысының әкімдігінің ынтымақтастық шеңбері аясында **БҰЙЫРАМЫН:**

2015 жылғы желтоқсанның 1-і мен 21-і аралығында «Қоршаған әлем» атты бейнероликтер облыстық конкурсы сырттай өткізілсін.

1. Төмендегі құжаттар бекітілсін:

- «Қоршаған әлем» атты бейнероликтер облыстық конкурсын өткізу туралы ережесі (1 қосымша)
- облыстық конкурсына дайындалу және оны өткізу үшін Ұйымдастыру комитетінің құрамы (2 қосымша), қазылар алқасының тізімі (3 қосымша).

2. Ақпараттық технологиялар орталығына:

- облыстық конкурсына дайындалу және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын жасасын;
- облыстық конкурсы туралы Ережені білім беру басқармасы, ақпараттық технологиялар орталығының сайттарына жарияласын;
- облыстық конкурсының қорытындысы 2015 жылғы 28 желтоқсанда шығарылсын.

3. Қалалық және аудандық білім беру бөлімдерінің басшылары мен облыстық білім беру ұйымдарының басшылары:

- 2015 жылдың желтоқсанның 21-не дейін Ақпараттық технологиялар орталығына білім беру ұйымдарының облыстық конкурсына қатысу жөніндегі өтінімдері мен жұмыстарын жіберулерін қадағаласын;

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басқарма басшысының орынбасары Т.Н. Ивановаға жүктелсін.

Басқарма басшысы



Б. Бексеитова

Таныстырылды _____ (Аты-жөні, қолы, күні)

006446

Павлодар облысы білім беру
басқармасының

2015 ж. « 27 » қараша
№388

бұйрығына

Қосымша 1

**«Қоршаған әлем»
бейнероликтер облыстық конкурсының
Ережесі**

I. Жалпы ережелері

«Қоршаған әлем» атты үздік бейнероликтердің облыстық конкурсы (бұдан әрі - Конкурс) балалар мен жастардың оқу-тәрбие процесіндегі әлеуметтік құбылыстар мен қоршаған ортаның проблемаларына қоғамның назарын аудару үшін, педагогтарға басқа да білім беру ұйымдары ұжымдарының педагогикалық тәжірибелерін бағалауға, салыстыруға және алмасуға мүмкіндік беру үшін өткізіледі.

Ереже конкурстың мақсаты мен міндеттерін, өткізу мерзімі мен тәртібін, конкурсқа қатысу шарттарын, бағалау талаптары мен критерийлерін, қорытынды шығару мен марапаттау тәртібін айқындайды.

II. Конкурстың мақсаты мен міндеттері

- жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау;
- әлеуметтік-жағымсыз тәуелділіктердің алдын алу;
- жастарды әлеуметтік шығармашылық, адамгершілік пен азаматтық тәрбие ортасына қатыстыру;
- қоршаған ортаны қорғауға жәрдемдесу;
- осы бағытта жұмыс істейтін жас дарынды авторларды анықтау және қолдау.

III. Бейнероликтерге қойылатын талаптар

Конкурс тақырыбына сәйкес келетін, кез келген қол жетімді құралдармен түсірілген (жасалған) бейнероликтер қабылданады.

Бейнероликке қойылатын талаптар:

- Бейнеролик форматы – еркін.
- Бейнероликтің минималды өлшемі – 4:3 үшін 480x360, 16:9 үшін 480x272;
- Оқушылар үшін бейнероликтердің максималды ұзақтығы – 3 минуттан көп емес. Оқытушылар үшін «Панорамалық сабақ» және

«Сыныптан тыс іс-шара» бағыттары бойынша (25 минуттан көп емес);

- Бейнероликке қатысушының қатысуы міндетті емес.
- Қатысушы бейнероликті түсіру және монтаждау кезінде арнайы бағдарламалар мен құралдары пайдалануы мүмкін;
- Бір қатысушыдан бейнеролик саны – 1;
- Қатысушылар бейнероликтің жанрын өздері анықтайды (сұхбат, репортаж, бейнеклип және т.б., т.с.с.).

IV. Конкурс ұйымдастырушылары

Конкурс ұйымдастырушылары Павлодар облысының білім беру басқармасы және ақпараттық технологиялар орталығы болып табылады.

V. Конкурс қатысушылары

Бейнеролик конкурсына жалпы білім беру мен техникалық және кәсіби білім беру ұйымдарының оқушылары мен оқытушылары қатыса алады.

1. Конкурстың ұйымдастырушы комитетіне өтінімді берілген нысанға (Қосымша 4) сәйкес жіберу қажет;

2. Жұмысты Конкурс жұмысының мазмұнына қойылатын талаптардың 3 тармағына сәйкес ұсыну қажет;

VI. Конкурс кезеңдері мен өткізу мерзімі

Конкурс сырттай **2015 жылғы 1 желтоқсан мен 21 желтоқсан аралығында** өткізіледі. Конкурсқа қатысу үшін өтінім жіберу қажет.

Әдістемелік және техникалық талаптарға сәйкес ресімделген өтінімдер мен жұмыстар **2015 жылғы 1 желтоқсан мен 21 желтоқсан аралығында** Ұйымдастырушы комитетінің Павлодар қ., Бектұров көшесі, 2 үй, 2 қабат мекен-жайы бойынша, сонымен қатар **konkurs.cit@bk.ru** электрондық поштасына қабылданады.

Жұмыстарды сараптау мен бағалауды жұмыс мазмұнына қойылған талаптарға сәйкес **2015 жылғы 21 мен 25 желтоқсан аралығында** конкурстың қазылар алқасы жүргізеді.

2015 жылғы 21 желтоқсаннан кейін ұсынылған жұмыстар конкурсқа қатысуға қабылданбайды.

VII. Конкурс қазылар алқасы мен ұйымдастырушы комитеті

Конкурс қазылар алқасы осы ережеде бекітілген критерийлерге сәйкес жұмыстарды қарастырып, бағалайды.

Жүлдегерлер мен жеңімпаздар қазылар алқасының шешімімен анықталады. Қазылар алқасының шешімі хаттамамен ресімделеді.

Барлық қатысушыларға конкурсқа қатысқанын растайтын жеке сертификаттар табысталады. **2015 жылғы 28 желтоқсанда** конкурстың қорытындысы шығарылады, нәтижелері білім беру басқармасының (<http://edupvl.gov.kz>) және ОАТО (<http://pvlcit.kz>) сайттарында жарияланады.

Жұлдегерлер мен жеңімпаздар келесі номинациялар бойынша дипломдармен марапатталады:

Оқушылар үшін:

- «Creative» номинациясы;
- «Ең үздік әлеуметтік ролик» номинациясы;
- «Ең үздік профориентациялық ролик» номинациясы;
- «Халық қаһарманы» номинациясы;
- «Мақтанышым – Қазақстан!» номинациясы;
- «Қазақстан – менің бесігім» номинациясы;
- «Серіктестік» номинациясы.

Оқытушылар үшін:

- «Сабақтың ең үздік үзіндісі» номинациясы;
- «Ең үздік сыныптан тыс іс-шара» номинациясы.

Конкурс қатысушылардың авторлық құқықтары сақталады. Жұмыс авторы үшінші тұлғаның авторлық құқығының сақталуы үшін жауапты.

Егер де конкурстың кез келген кезеңінде осы Ережеге сәйкес келмейтін жұмыстар анықталса, Ұйымдастырушы комитеті авторды уақытылы ескерту мүмкіндігіне қарамастан жұмысты алып тастайды.

VIII. Бейнероликтердің тақырыптары

Оқушылар үшін:

- «Мен студент ...»;
(Роликте жоғарыда көрсетілген тақырып бойынша студенттік (оқушылардың) өмірі мен бос уақыттарының үзінділері көрсетілуі мүмкін)
- «Әлеуметтік ролик»;
Әлеуметтік роликтің сценарийіне адамгершілік-патриоттық сипаттағы мәселелер, қоршаған ортаның проблемалары мен оларды шешу жолдары туралы сюжеттер болуы мүмкін.
- «Профориентациялық ролик»
Осы роликте оқу мекемесінің жарнамасы, жұмыс мамандығының маңыздылығы мен қажеттілігі, оқу процесі мен бос уақыттың үзінділері көрсетілуі мүмкін.
- «Халық қаһарманы»
Ролик сценарийі төтенше және кездейсоқ жағдайда адамгершілік іс-әрекеттерімен, ерлік еңбегімен өз Отанының патриоты, мүдделерін

қорғаушы, альтруист және филантроп ретінде көрсеткен қазіргі заман батырлары туралы ақпарат болуы мүмкін. .

- Біздің тарихымыздың қайнар көзі (Қазақ хандығының 550-жылдығы)
Осы роликте көпжасырлық қазақ мемлекеттілігінің мұрасымен танысу арқылы патриоттықтық сезімді тәрбиелеу, біздің еліміздің дамуы мен өркендеуіне үлес қосқан тарихи тұлғалардың есімдері мен еңбектерін оқырмандарға насихаттау мәселелері көрсетілуі мүмкін.
- Біздің күшіміз - бірлік пен татулықта (Көпұлтты Қазақстан).
Осы роликтің сценарийінде оқушыларда қазақстандық патриотизмді, ұлттық татулықты, бейбітшілікті қалыптастыру, Қазақстанда тұратын халықтар туралы білімін кеңейту, сонымен қатар өз еліне, халқына деген мақтаныш сезімін тәрбиелеу, өзге халықтың салт-дәстүрлерін құрметтеу мәселелері көрсетілуі қажет.
- «Павлодар-Омск»
Ресей Федерациясы Омбы облысының әкімшілігі және Павлодар облысы әкімдігі арасындағы серіктестігі аясында атақты тұлғалар мен қалалардың көрікті жерлері туралы ақпарат.

Оқытушылар үшін:

- «Панорамалық сабақ»;
- «Сыныптан тыс іс-шара».

IX. Жұмыстарды бағалау критерийлері

- жұмыстың тақырыпқа сай болуы;
- жұмыс тақырыбын таңдауда шығармашылық көзқарас;
- іске асыру ерекшелігі.

2015 ж. «17» қараша
Павлодар облысы Білім беру
басқармасының
№ 388 бұйрығына
Қосымша 3

**«Қоршаған әлем»
бейнероликтер облыстық конкурсын қазылар алқасының құрамы**

Қазылар алқасының төрайымы

Иванова Білім беру басқармасы басшысының
Тамара Николаевна орынбасары

Қазылар алқасының төрайымының орынбасары

Каримова Гульжан Облыстық ақпараттық технологиялар
Толеубаевна орталығының басшысы.

Қазылар алқасының мүшелері

Маймышева Білім беру басқармасының бас маманы
Майра Зикеновна

Жиренова Айнагуль Облыстық ақпараттық технологиялар
Кенжалиевна орталығының электрондық оқыту жүйесі
бөлімінің басшысы.

Баймулдинова Анаргуль Облыстық ақпараттық технологиялар
Сериковна орталығының ақпараттық-әдістемелік бөлімінің
басшысы.

Нургалиева Облыстық ақпараттық технологиялар
Асия Тимуровна орталығының бас маманы

| | |
|--|--|
| Ұйым туралы мәлімет: | |
| Білім беру ұйымының атауы, телефон, факс | Өтінім беруші ұйымның мәліметтерін көрсетіңіз. (осы жолды міндетті түрде толтыру керек) |
| Пошталық мекен-жайы | Аудан, ауыл атауын көрсетіңіз (осы жолды міндетті түрде толтыру керек) |
| Автор (авторлық ұжым) туралы мәлімет: | |
| ТАӘ (толық) | (осы жолды міндетті түрде толтыру керек) |
| e-mail, байланыс телефоны (жеке) | (осы жолды міндетті түрде толтыру керек) |
| Жұмыс туралы мәлімет: | |
| Жұмыстың шығармашылық атауы | (осы жолды міндетті түрде толтыру керек) |
| Сынып | (осы жолды міндетті түрде толтыру керек) |
| Бейнероликтің қысқаша сипаттамасы | (осы жолды міндетті түрде толтыру керек) |
| Бейнероликтердің тақырыптары | <p>Оқушылар үшін:</p> <ul style="list-style-type: none"> • «Мен студент...»; • «Әлеуметтік ролик»; • «Профориентациялық ролик»; • «Халық қаһарманы»; • Біздің тарихымыздың қайнар көзі (қазақ хандығының 550-жылдығы); • Біздің күшіміз – бірлік пен татулықта (Көпұлтты Қазақстан); • «Павлодар-Омск». <p>Оқытушылар үшін:</p> <ul style="list-style-type: none"> • «Панорамалық сабақ»; • «Сыныптан тыс іс-шара». |